

Ахметова Ж.О. магистр, аға оқытушы

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет,
Шымкент, Қазақстан*

АСПАПТЫҚ МУЗЫКАНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Жас өспірімдегі музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда, білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде музыка өнерінің алатын орны ерекше.

Музыка — жасөспірімге дүниені жан-жақты танып-білуге көмектеседі, баланың ойына азық беріп, кеңінен және әдеттен тыс ойлауға үйретеді, халықтың рухани мәдениетіне жақындастыра отырып, патриотизм сезімін тәрбиелеп, адамгершілік және азаматтық белсенділігін оятады. Сөйтіп, осының нәтижесінде қоғам үшін қажетті жеке адамның үйлесімді дамуына жәрдемдеседі. Музыка өнерінің ерекшелігі – адамның жан дүниесіндегі сөз бен тіл жеткізіп алмайтын құбылыстарды, сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында.

Музыка аспаптарына үйрету сабағы музыка сауаты мен ән үйрену сабағымен тығыз байланысты жүргізіледі. Білімгер музыка аспаптарын ойнауды меңгере жүріп, бірте-бірте музыканың нәзік мәнерлігі мен тілін терең ұғып, түсінетін болады. Өтілетін репертуар қазақ композиторларының шығармалары қазақтың халық әндері мен күйлері және ішінара батыс классиктері композиторларының шығармаларынан құралады. Музыка мұғалімі сабақтан ән немесе музыка аспаптарына, арналған музыка шығармаларын орындалғанда оны мазмұнына байланысты мәнерлі, түсініп, ал әннің сөздерін дәл анық айтқызу, оның жоғары сатыда орындалу жағын бақылау керек. Оқушылар берілген ән немесе музыка шығармаларын жаттап алып, оны техникалық жағынан дұрыс орындап берумен қатар, шығарманың идеялық мазмұнын, оның авторларын және олардың тұрған дәуірін білулері керек. Оқушыларға әнді музыка аспабына қосылып айтуға және хорға немесе

жеке әншіге әнді бастату кезеңін көрсете білетін етіп үйрету керек. Сонымен оқушыларды аспаптық музыка негізінде оқытудың мәселесін қарастыра отырып, біріншіден жалпы аспаптық музыкаға деген қызығушылығын арттыру тәсіліне көңіл бөлінеді.

Белгілі психологтар С.А.Ананьин, М.Р.Беляев, Л.И.Божович, СЛ.Рубинштейн, В.Н.Мясинцев т.б. ғалымдар «қызығу» ұғымына өздерінің түрлі көзқарастарын білдіре отырып, «қызығушылық» — жеке адамның белгілі бір бағыттылығы деген ортақ пікірге келеді.

Педагог, музыкант Б.Асафьев «Музыка сабағындағы болып жатқан әрекеттерге эмоциялық қатынасын дамытудың ең негізгісі — оларды қызықтыра білу» — деді. Ал Д.Кабеловский «Музыкаға деген қызығушылық, музыкамен әуестену, ұнату да оны ғажайып сұлулығын түсіну үшін қажетті шарт. Сонда ғана ол өзінің тәрбиелік және танымдық ролін атқара алатын болады. Ал музыкаға қызықпаған, онымен айналыспаған, оны ұнатпаған адамға білім және тәрбие берем деу сәтсіздікке ұшыратпай қоймайды». Бұдан шығатын қорытынды: балалардың музыкалық аспапқа қызығу сезімін оятпай, олармен музыкалық сабақ өткіземін деу бос әурешілік. Ал музыкалық аспапты ұнату, оған қызығу сезімдері арқылы балаларға музыкалық аспаптың нағыз көркем үлгілерін, шығу тарихын, әр аспаптардың ерекшеліктерін, ойнау тәсілдерін педагогикалық негізде түсіндіру қажет. Аспаптық музыкаға деген қызығушылық жалпы білім беретін мектептерде ән-күй пәні және сыныптан тыс жұмыстар барысында да мұғалімдердің мақсатты, жүйелі басшылығымен жүзеге асады. Бұл жерде, әлбетте, басты рольді жеке тұлғаның өзіндік қызығушылығы арқылы атқарады. Сөйтіп, жалпы аспаптық музыка өнеріне деген дұрыс көзқарастың қалыптасуына негіз болады.

Ал өскелең ұрпаққа аспаптық музыканың тәрбиелік сипатын саралау орасан зор роль атқаратыны белгілі. Қазақстанда аспаптық музыканың дамуы халықтың көп ғасырлық тарихымен оның тұрмыс-салтымен, мәдениетімен тығыз ұштасқан. Мәселен бір ғана қазақ халқының ұлттық аспаптары халық

бұқарасының рухани творчествосының бағалы нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар интернационалдық аспаптық музыканың тәрбиедегі қазіргі кезде әрбір халықтың мәдени және рухани мұрасына дұрыс көзқарасты қалыптастыру, оларды пайдалану жолдарын іздестіру ерекше мәнге ие болып отыр. Жоғарыда айтып кеткеніміздей аспаптық музыкаға оқушылардың қызығушылығын қарастыра отырып оның эстетикалық тәрбиесіне, ұлттық ерекшеліктеріне, шығу тарихына және сол аспаптарды қолдана отырып, ұлттық ойлау және болмысын қалыптастыруына негіз болып отыр.

Жалпы музыканың тәрбиелік сипаты жөнінде шығыстың ұлы ойшылы, әмбебап ғалым Әл-Фараби «музыкалық әуендер жақсы мінез-құлық машықтарын, адамның қоғамдық мұраттарын қалыптастыруда елеулі роль атқарады және музыка мен ән адамды эстетикалық сезімдерді туғызу арқылы кісінің өзін-өзі тәрбиеленуіне, бойдағы нашар қасиеттен арылуына ықпал етеді» деп жазды. Аспапты музыкадан ерекше дыбыстарды есту арқылы белгілі бір әуен шығары сөзсіз. Оқушыларға аспапты музыканың ерекшелігін, әуеннің саздылығын, әсемділігін, екпінін, ырғақ мәнерін, бояуын түсініп, өз тарапынан қиялдау мен шығармашылық қабілетін көрсете білген жағдайда ғана аспап туралы сөз қозғауға болады.

Сырнай деп музыкалық аспаптардың бірнешеуін атаған. «Сырнай» деген сөз «сыр» және «най» деген екі сөзден тұрады. Қазақ тілінде «сыр» деген сөздің мағынасы, мысалы, сырласу, «сыр шерту» болса, «най» деп аспаптарды және кейбір түтік заттарды атаған екен. Сырнай ерте заманнан келе жатқан қазақтың үрмелі музыкалық аспабына жатады. Ол өзінің жасалған затына қарай, құрлысына қарай: саз сырнай, қамыс сырнай, мүйіз сырнай, қос сырнай немесе сырнай болып бөлінеді. Сырнайдың XIX ғасырдың ортасында қазақ жерінде тарай бастаған аты «гармоника», мұны «қағаз сырнай» деп атаған. Себебі дыбыс күштілігі, дауыс ырғағының әдемілігі саз сырнай мен үрлемелі сырнайға ұқсас. Аспаптың қазақ жеріне кең таралуы оның тембірінің халық музыкасының үніне сәйкес келуі, әрі көшпелі халыққа алып жүруге ыңғайлы болған. Бүгінгі таңда осы сырнай

аспабы музыка пәні сабағында оқушыларды сүйемелдеудің негізгі музыкалық аспабына айналды.

Ал біздің мақсатымыз қазақтың аспаптық музыка өнері арқылы оқушыларға тәрбие беру.

Бастауыш сыныптарда қарапайым музыкалық аспаптарды қолдану, балалардың сол сабаққа деген ынтасын, сүйіспеншілігін, белсенділігін, жауапкершілігін арттырады. Олардың музыкалық қабілетін дамытуға, шығармашылық дербестігін қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Балалар үшін сабақта қолданылатын музыкалық аспаптар көлемі, салмағы жағынан ыңғайлы, құрылысы қарапайым, әрі мықты болуы керек. Шығармашылық әрекет кезінде музыканы сергек қабылдау, бірігіп орындау яғни ансамбль құру арқылы оқушылардың сезімі және дағдысы дамиды.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған педагог-ғалымдарымыздың ой-пікірлері арқылы, аспаптық музыканың оқушыларға жан-жақты тәрбие берудегі мүмкіндігінің жоғары екенін, олардың педагогикалық мән-маңызының бүгінгі таңда бұрынғыдан да арта түсетінін, әсіресе балалардың қызықтыра отырып тәрбиеленуін қалыптастыруда тиімді құралы ретінде пайдалануға болатындығын дәлелдейді. Қоғамның жаңа әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани дамуы мектептің оқу мен тәрбие сапасын түбегейлі жақсартуды талап етеді. Мектеп жұмысын адамзаттың бүкіл тарих бойы жинақтаған білімі мен тәжірибесін меңгерту арқылы жетілдіруде аспаптық музыка өнерін арқау етудің маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жәрдемәлиева Р. Хрестоматия музыкального образования в Казахстане. – Алматы, 2004ж

2. Қышқашбаев Т.А. Қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру: Пед.ғыл.канд.дис. Автореф. – Алматы, 1999ж.

3.Райымбергенов Э., Райымбергенова С., Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің ән-күй сабағына арналған “Мұрагер” бағдарламасы 1-4 кластар. – Алматы: РБҚ, 1994. – 79 б.

4.Уалиханов Ш. (1835-1865) тәлім-тәрбие туралы. (табылды. Ә. Қазақ энтпедагогикасы және оқыту әдістемесі.- Алматы. “Білім”. 2004ж.(32,164)